ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2026 жылғы 23 қаңтар №5265-25-00-2/4830 іс Шымкент қаласы

Шымкент қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы Ж.К.Кенжебаева оңайлатылған тәртіппен қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитетінің "Ұлттық сараптама орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының "Түркістан облысы бойынша дезинфекция орталығы" филиалы

ЖАУАПКЕР:
Жеке кәсіпкер "Danial" Сейдазимбек Даниял Сакенұлы

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
1. мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы
2. тұрақсыздық айыппұлды өндіру туралы

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 117, 223-226,267-4 баптарын басшылыққа ала отырып,**сот**

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитетінің "Ұлттық сараптама орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының "Түркістан облысы бойынша дезинфекция орталығы" филиалының талап қоюы толық қанағаттандырылсын.

Жауапкер жеке кәсіпкер "Danial" Сейдазимбек Даниял Сакенұлы мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы ретінде танылсын.

Жауапкер жеке кәсіпкер "Danial" Сейдазимбек Даниял Сакенұлынан Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитетінің "Ұлттық сараптама орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының "Түркістан облысы бойынша дезинфекция орталығы" филиалының пайдасына тұрақсыздық сомасы 3 519 (үш мың бес жүз он тоғыз) теңге және мемлекеттік баж 106 (бір жүз алты) теңге өндірілсін.

Құжатқа қол қойылған: Кенжебаева Ж. К., 23.01.2026
Заңды күшіне енген күні: 16.03.2026, судья Кенжебаева Ж. К., 18.03.2026
АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕСІ Сот өндірісі
5265-25-3-1/4979

Жауапкер жеке кәсіпкер "Danial" Сейдазимбек Даниял Сакенұлынан мемлекеттің пайдасына мемлекеттік баж 1 966 (бір мың тоғыз жүз алпыс алты) теңге өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмесін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Арыз, егер жауапкер талап қою арызының келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткен соң, ал егер арыз берілген жағдайда - сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзім ішіндеШымкент қалалық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына Шымкент қаласыныңмамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы шағым, прокурор өтінішхатты келтіруге ерікті.

Судья **Ж.К.Кенжебаева**

Құжатқа қол қойылған: Кенжебаева Ж. К., 23.01.2026

Заңды күшіне енген күні: 16.03.2026, судья Кенжебаева Ж. К., 18.03.2026

«ТӨРЕЛІК» АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕСІ
Сот өндірісі
Судопроизводство
ИНФОРМАЦИОННАЯ СИСТЕМА «ТӨРЕЛІК»